

Дайындық бағыты: 7M041 Бизнес және басқару

Білім беру бағдарламалары тобы: M072 Менеджмент

Білім беру бағдарламасы: 7M04109 EMBA Денсаулық сақтаудағы менеджмент

Мақсаты: Денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі компаниялар мен ұйымдарда заманауи бизнес-процестерді тиімді басқару үшін қажетті білім мен дағдыларға ие заманауи бизнес-басшыларды дайындау

Бірлескен БББ: Швейцария технология және кәсіпкерлік институты

Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын

Кредиттер көлемі: 60

Берілетін дәреже: Магистр

Оқу мерзімі: 1 жыл

Оқу ақысы: 770-800 мың теңге.

Оқыту барысында қалыптасатын нәтижелер

№	Результат обучения	Код
1	Адами ресурстармен жұмыс істеуде басқару міндеттерін шешуде Денсаулық сақтау саласындағы персоналды ынталандыру мақсатында ұйымды басқарудың стратегиялық жоспарын әзірлейді, сондай-ақ стратегиялық жоспарлауды талдайды.	ON1
2	Жаһандық белгісіздік пен мәдени әртүрлілік жағдайында негізделген басқару шешімдерін қабылдайды; халықаралық ортада тұрақты іскерлік қатынастарды қалыптастыруға ықпал ететін мәдениетаралық байланысқа ие болады.	ON2
3	Кәсіби мамандар тобының жұмыс істеу жағдайларын оңтайландырады және ұжымда тиімді әрекет етеді; өз ұстанымын қорғайды және балама шешімдер табады; қызмет барысында заманауи мәселелерді шеше отырып, ұйымдағы адам ресурстарын басқару жүйелері мен технологияларын дамыту жөніндегі міндеттерді тұжырымдайды.	ON3
4	Заманауи процестің инновациялары мен ерекшеліктері, денсаулық сақтаудың негізгі аспектілері туралы іргелі білім саласындағы құзыреттерді қалыптастырады; қабылданатын шешімдердің тәуекелдері мен тиімділігін ескере отырып, инновациялық әдістерді пайдалана отырып, медициналық көмекті ұйымдастыру негіздерін қолданады.	ON4
5	Кәсіби қызметте жоспарлау дағдыларын үйлестіреді; ұйым деңгейінде маркетингтік жоспарлау мен басқаруды талдайды.	ON5
6	Денсаулық сақтау саласында өзгерістер мен инновацияларды енгізуде көшбасшылық қасиеттерді көрсетеді; пациенттер мен кәсіби персоналдың қажеттіліктерін ескере отырып, медициналық ұйымның даму стратегиясын әзірлеу және іске асыру дағдыларын меңгереді; негізделген басқару шешімдерін қабылдайды.	ON6
7	Саналы коммуникация және брендті басқару арқылы жеке мансап жолын стратегиялық құру қабілетін көрсетеді; контекстке, аудиторияға және мәдени айырмашылықтарға байланысты коммуникациялық стильді бейімдеу дағдыларына ие.	ON7
8	АТ және ЖИ шешімдерін медициналық мекемелерді диагностикалау, емдеу және басқару процестеріне біріктіреді; денсаулық сақтауды тиімді цифрлық трансформациялау үшін ат мамандарымен, әкімшілікпен пәнаралық өзара іс-қимыл жасау дағдыларын меңгереді.	ON8
9	Күрделі кәсіби және тұлғааралық жағдайларда этикалық негізделген мінез-құлық пен шешім қабылдау дағдыларын бейімдейді; Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде құқықтық өріс шеңберінде әрекет етуге қабілетті.	ON9
10	Іскерлік зерттеулердің деректері мен нәтижелерін талдау негізінде негізделген басқару шешімдерін қабылдайды және практикалық басқару міндеттерін шешу үшін зерттеу жобаларын әзірлейді және жүзеге асырады.	ON10

ЕМВА «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУ ҮШІН ЖАЗЫЛАТЫН ЭССЕ ТАЛАПТАРЫ.

1. Эссенің мақсаты

Эссе арқылы талапкердің:

- «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» бағдарламасын саналы түрде таңдағанын;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің ерекшеліктерін түсінетінін;
- басқарушылық, әкімшілік және стратегиялық қызметке бағдарланғанын;
- басқару құралдарын медициналық салада қолдана алатынын көрсетуі қажет.

ЕМВА бағдарламасы үшін ерекше назар аударылады:

- басқарушылық тәжірибеге;
- практикалық кейстерге;
- көшбасшылық және стратегиялық құзыреттерге.

2. Көлемі және техникалық талаптар

- көлемі: 600–800 сөз;
- тілі: қазақ / орыс (ағылшын тіліне рұқсат етіледі);
- түпнұсқалық деңгейі: кемінде 70 %;
- стилі: академиялық, аналитикалық, іскерлік.

3. Эссенің ұсынылатын құрылымы

1.) Кіріспе бөлімі

- кәсіби тәжірибе мен біліктілік туралы қысқаша ақпарат;
- «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» магистратурасын / ЕМВА бағдарламасын таңдаудың себептері.

2.) Негізгі бөлім

- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді талдау
(басқару, қаржыландыру, кадрлық саясат, қызмет сапасы, цифрландыру);
- аталған мәселелерді шешудегі басқарушының рөлі;
- бар болса, жеке басқарушылық тәжірибе немесе кәсіби бақылауларды сипаттау.

3.) Қорытынды бөлім

- оқу аяқталғаннан кейінгі кәсіби мақсаттар;
- денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосатын жеке үлес.

4. Бағалау критерийлері (ЕМВА ескере отырып)

- практикалық бағыттылық;
- стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті;
- денсаулық сақтау саласындағы реформаларды түсіну;
- басқарушылық логика мен дәлелді тұжырымдар;
- кәсіби позицияның кемелдігі.

**EMBA «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» білім беру бағдарламасы
бойынша
эссе тақырыптары:**

1. Денсаулық сақтаудағы басқарушылық шешімдер: тәжірибе және кәсіби сын-қатерлер.
2. Қазақстандағы денсаулық сақтау реформалары жағдайындағы медициналық ұйым басшысының рөлі.
3. Медициналық ұйымды қаржылық басқару: мәселелер мен мүмкіндіктер.
4. Қазақстандағы медициналық ұйымдардың стратегиялық дамуы.
5. Денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығы: басқарушылық көзқарас.
6. Медициналық қызмет сапасы – басқарушылық бақылау объектісі ретінде.
7. Денсаулық сақтауды цифрландыру және менеджменттің міндеттері.
8. Денсаулық сақтаудағы көшбасшылық: заманауи басшының құзыреттері.
9. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік: басқарушылық әлеует.
10. EMBA «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» бағдарламасында оқуға кәсіби мотивациям.